ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рель Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

***Большевиктік партия мен совет үкметі, Сталин жолдас халқымыздың әл-ауқат дәрежесін жақсарту туралы үнемі қамқорлық жасап келеді.***

***Партия мен үкметіміздің азық-түлік товарларының бағасын бесінші рет кеміту жөніндегі қаулысын облысымыздың еңбекшілері асқан зор қуанышпен қарсы алды.***

## ...ердің
## ...сы

...ер Советі өзінің
...деуді мақұлдаған
... жылғы 15 ап-
... талқылау ісін
...ндеуді талқылау
...кәсіпорны, мекеме
...ойынша нақтылы
...а және алынған
...удың нақтылы
...уіне жетісетін

...еттердің социалис-
...ыру, жарыста мін-
...лынған міндетте-
...тынбай бақылап
...іс емес, бұл —Со-
...ық-бұқаралық жұ-
... көрсететін іс.
...селолық және по-
...тқару комитеттері
...истік жарыста
...ді орындау жо-
...таттарды, совет
...тивін, сол сықты,
...ы кеңінен қатыс-
... арқылы колхоздар-
...ТС-тер мен ММС-
...бинаттарының, кә-
... және мекемелер-
...сына басшылық

## Солтүстік Қазақстан облысының Полудень ауданындағы Тоқшын селолық Советінің депутаттары мен активінің 1952 жылы еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру туралы Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің депутаттары мен активіне арнаған

# ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Сталин жолдастың 1946 жылғы 9 февральда Москва қаласының Сталин сайлау округі сайлаушыларының, сайлау алдындағы жыйналысында сөйлеген тарихи сөзінде кеңінен көрсетілген ұлы программаны большевиктік партияның басшылығымен ойдағыдай жүзеге асырып жатқан совет халқы соғыстан кейінгі дәуірде халық шаруашылығын қалпына келтіріп, онан әрі өркендетудің аса қыйын міндетін ойдағыдай орындап, кәзіргі уақытта коммунизмнің жеңісіне қарай сеніммен алға басуда.

Сталин жолдастың бастауымен қабылданған, орасан зор су электр станцияларын, бөгеттер, үлкен каналдар, жер суландыратын және суаратын жаңа жүйелер жасау туралы ССР Одағы Министрлер Советінің қаулылары еліміздің өндіргіш күштерінің, советтік ғылымның, техниканың және мәдениеттің үздіксіз өр-

...

отырғызылды. Колхозда 2,5 гектар, совхозда 4,5 гектар бау егілді.

Бұл табыстардың бәріне Советтің ұйымдық-көпшілік жұмысын жақсарту, социалистік жарысты күшейту, депутаттарды, тұрақты комиссияларды, активті Советтің күнбе-күнгі жұмысына қатыстыру, депутаттардың сайлаушылармен байланысын күшейту, сайлаушылардың тапсырмаларын орындау, атқомнің ұйымдастырушылық ролін күшейту, сол сықты, қабылданған қарарлардың орындалуының барысын бақылап отыру, Совет жұмысын онан әрі жақсартудың күшті құралы—сын мен өзара сынды өрістету арқасында жеттік.

Бірақ, біз, өзіміздің ауылшаруашылық артеліміздегі мүмкіншіліктерге қарағанда, мал шаруашылығы шаруашылықтың әлі де кем өркендеген саласы болып отыр деп есептейміз. Колхозшылардың еңбекақысының дәрежесі әлі де төмен, бөлінбейтін қордың мөлшері басқа қорларға

...

ның көлемін колхозда 1.020 гектарға жеткіземіз, совхозда өткен жылғы 1.900 гектар орнына 2.800 гектарға жеткіземіз. Екпе шөптерді екі рет шабамыз. Колхоз бен совхозда жеміс тамырлы дақылдар егісінің көлемін 130 гектарға жеткіземіз, әрбір гектардан 250 центнер дақыл тамырын аламыз. Колхоз бен совхозда астық-жем дақылдардың егіс көлемін 785 гектарға, ал, бұл дақылдардың өнімін гектарына 20 центнерге жеткіземіз.

Колхозда 630 тонна, совхозда 4.000 тонна шөп сүрлейміз.

1952 жылы колхозда кемінде 4.160 тонна, совхозда кемінде 6.000 тонна пішен дайындаймыз. Пішен дайындау жосарын шөп шабудың басталуынан кейін 35 күннің ішінде орындап, дайындалған шөпті 1 ноябрьге дейін түгелінен мал қыстайтын орындарға тасып аламыз.

7. 1952 жылы колхоз бен совхозда 1.000 гектардай жерге қар суын бөгей-

...

бын салып, жабдықтауды 1952 жылғы 7 ноябрьге аяқтаймыз; 1 майға дейін колхоздың балалар яслиін жабдықтаймыз; 1 июльге дейін совхозда сағатына 10 адам жуынатын монша саламыз; 1952 жылы колхозда жылына 100.000 кірпіш шығаратын кірпіш заводын саламыз; 7 ноябрьге дейін 15 киловаттық электр станциясын, 1 сентябрьге дейін 2 астық қоймасын және 3 машиналық гараж саламыз.

18. 1952 жылы колхоз және совхоз поселкелерінде 3,5 мың сая және 200 жеміс ағаштарын отырғызамыз, 4 көпір және 7 километрлік жол саламыз.

19. 7 августқа дейін барлық мектептерді, мәдени-ағарту және емдеу мекемелерін бүкіл отын жағу мерзіміне жетерліктей отынмен қамтамасыз етеміз, мектеп жасындағы барлық балаларды оқуға толық тартамыз және балалардың оқуды тастап кетуіне жол бермейміз.

20. 7 ноябрьге кірістің барлық түр-

## ...лер Советінде

# ...ауданындағы Тоқшын селолық ...жылы еңбекшілер депутаттарының Советтерінің республикалық ...у жөніндегі Үндеуі туралы

...жылғы 1 фев
...айындады.
...ның облыстық
...ң атқару ко-
...5 апрельге де-
...блысы, Полу-
...қшын село-
...ттары мен
...хозшылардың,
...рінің, МТС,
... басқа да
...мелердің қыз-
...ында, еңбек-
...лдық, село-
...терінің сес-
...ылап, әрбір
... және түгел-
...ақтылы мін-
... ол міндетте-
...ің белгіленуін

... аудандық
...ттеріне әрбір
... ауданындағы
...утаттары мен
...удың қоры-
...дательдерінің,
...ларының қа-
... алған мін-
...ларын кол-
...ық, селолық
...ң атқару ко-
...індеттемелерді
...тарды, Совет
..., тұрақты ко-
...тырып, кол-
... МТС- тердегі,
...рация стан-

...циалистік жарыстың барысын қабырға газеттерінде, жауынгерлік листоктарда, көрсеткіш тақталарында баяндап отыруға тиіс. Дербес және коллективтік міндеттемелердің орындалуы үнемі тексеріліп және өзара тексеріліп тұруын, тексеру нәтижелерінің еңбекшілер жыйналыстарында, Советтердің сессияларында талқылануын қамтамасыз етуге тиіс, сөйтіп, сын және өзара сын негізінде социалистік міндеттемелерді орындау жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде ашып, түзетіп отыратын болу керек.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне ауылдық, селолық және поселкелік Советтерге басшылықты жақсарту, республикалық социалистік жарыс шартын және Советтердің алған социалистік міндеттемелерін орындау жұмысын ұйымдастыруда оларға үздіксіз нақтылы көмек көрсету тапсырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі әрбір ауылдың, селоның және поселкенің Совет активі мен еңбекшілері ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің республикалық социалистік жарысында бірінші орын алу үшін күресіп, әрбір колхоз, совхоз, кәсіпорны, мекеме және бүкіл Совет бойынша міндеттемелерді ойдағыдай орындайтындығына, сөйтіп, 1952 жылы шаруашылық және мәдениет құрылысында, ең алдымен, партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы өзекті міндеті—қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету, сол сықты, барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және су шаруашылығы құрылыстарын үздіксіз өркендету...

# Диспетчер Г. Родиннің игілікті бастамасы

**Петропавл жол бөлімшесіндегі Макушино участогінің диспетчері коммунист Георгий Родин участокте жүк тасуды арттырудың жаңа комплексті әдісін жасады. Бұл әдісті өндіріске енгізу смена сайын 4—5 мың тонна жүкті жоспардағыдан артық тасуға мүмкіншілік береді.**

**Жуырда бөлімше теміржолшыларының диспетчер Родиннің әдісін талқылауға арналған «Стахановтық бейсенбілігі» өткізілді. Оған қатысқан диспетчерлер, бөлімше кезекшілері, машинистер, вагон байқаушылар, инженер-техник қызметкерлер жаңа бастаманың тиімділігіне жоғары баға бере келіп, оның мемлекеттік маңызы зор инициатива екендігін атап көрсетті.**

**Бөлімшеде жүк тасу жоспарын артық орындау үшін күресте жаңа табыстарға жетуге шақырып, бейсенбілікке қатысушылар Омск магистралінің барлық диспетчерлері мен теміржолшыларына үндеу қабылдады. Сонымен қатар, Родиннің әдісін қуаттап, өндіріске кең енгізу жөнінде нақтылы міндеттемелер алынды.**

**Төменде «Стахановтық бейсенбілікке» қатысушылардың сөздерін береміз.**

## Игі бастама

**(машинист РЫЛОВ жолдастың сөзінен)**

Диспетчер Родиннің бастамасының көп пайда келтіретінін мен өзімнің жұмысымнан көріп жүрмін. Машинистер бұл бастамаға қуанышпен үн қосады. Кейде участоктен «Жасыл көшемен», «Қызыл стрела» жылдамдығымен -ақ өтесің. Рас, жылдам жүру машинист үшін зор абырой, қуаныш.

Бірақ, осы жылдамдықтың нәтижесі қандай? Мұның аса қуанта қоймайтын жағы да бар. Кейде паровоздың емін-еркін тарта алатын жүгінің жартысын ғана әкеле жатасың. Мұндай жеңіл салмақты составты апарудағы жылдамдықтың пайдасы шамалы. Өйткені, паровоздың қуаты толық пайдаланылмайды, отынның артық жұмсалуына жол беріледі.

Ал, қазір мүлдем басқаша. Сапарға шыққан сайын состав құрамы толық болмаса да, салмақты нормаң тағайындалғаннан ешбір кемімейді. Родиндік әдістің заңы —станциядан салмағы жеңіл составтарды жөнелтпеу. Станция қызметкерлері бұл игілікті істі қолдап, еңбек сіңіріп те жүр.

Родин бізбен жол үстінде кетіп бара жатқанның өзінде радио арқылы байла-...



СУРЕТТЕ: диспетчер **Г. Родин** радио арқылы өзінің жұмыс тәжрибесі жөнінде баяндап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Творчестволық

## Диспетчер—негізгі тұлға

**(жол бөлімшесінің бас инженері АНТОНОВ жолдастың сөзінен)**

Басқа қызметтер, әсресе, диспетчерлер тарапынан көмек болмайынша машинистің жоғары көрсеткіштерге жетуі өте қыйын. Родин жолдастың бұл жөніндегі пікірі өте дұрыс. Ол барлық диспетчерлердің алдына поездардың жол жүру жылдамдығын арттыру, жүк тасу жоспарын артық орындау күресіне нақтылы үлес қосу міндетін қойып отыр.

Диспетчер —участоктегі негізгі тұлға. Ол жол жүруді ұйымдастыруға байланысты барлық транспортшылардың еңбегін тиімді пайдалануды қарастыруға тиіс. Родин диспетчерлер «Қызыл стрела» және «Жасыл көше» ұйымдастырумен қатар, ауыр салмақты составтардың құрастырылып, тоқтаусыз жол жүруіне жетісу міндетін қояды.

Ауыр салмақты поезды участоктен тәжрибесі жеткілікті машинистің де өткізе алмауы мүмкін. Ал, мұндай составтарды тағайындалған жерге барлық машинистердің ойдағыдай жеткізіп отыруын қамтамасыз етуге болады. Ол, әрине, диспетчерге, оның машинистерге жағдай туғызып көмектесуіне байланысты.

Родиннің әдісі барлық ...

